ЖШС «МЛН балақай» балабақшасы

№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

«02» 09. 2025 жыл

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «МЛН Балақай» балабақшасының 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесін, күн тәртібін бекіту.
3. Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы – салыстырмалы тексеру қорытындысы.
4. 2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
5. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы.
6. «Мен өмірді сүйемін» психологиялық тренинг.

1-ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Э.Тыштыбаева, педагогикалық кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау жөнінде ұсыныс жасады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Педагогикалық кеңес хатшысы балабақша әдіскері М.Жанбаева

Барлық педагогтар ұсынылған кандидатты бірауыздан қолдап, келісімдерін білдірді.

2-ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері М.Жанбаева:

2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспардың мазмұнымен таныстырды.

Әдіскер өз сөзінде жылдық жоспардың негізгі бағыттарына тоқталды:

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру
2. Педагогикалық-ұйымдастырушылық-жұмыс
3. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас.
4. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет.
5. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс
6. Бақылау: бақылау түрлері мен мазмұны.
7. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиешілер жоспарға ұсыныстарын білдірді.

• Бірі жоспардағы танымдық бағыттағы іс-шараларды ұлттық салт-дәстүрлермен көбірек байланыстыруды ұсынды.

• Екіншісі ата-анамен өткізілетін жұмыстарды әр ай сайын тақырыптық форматта түрлендіруді атап өтті.

- Кейбір педагогтар шығармашылық бағыттағы тәжірие алмасуды көбейтуді сұрады.

3-ТЫҢДАЛДЫ:

2025–2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі мен күн тәртібін әдіскер М.Жанбаева ұсынды.

Күн тәртібінің балалардың жас ерекшелігі мен физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес жасалғанын атап өтті. Әр топқа арналған ұйқы, тамақтану, серуендеу, дене шынықтыру және ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің нақты уақытпен белгіленгенін түсіндірді.

Күн тәртібі бойынша әдістемелік кеңесте талқыланғаны, барлық педагогтердің онымен танысқаны, қарсылықтары жоқ па екендігі сұралғаны айтылды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Меңгеруші күн тәртібінің балалардың физиологиялық дамуына сай жасалғанын оң бағалап, оны бұлжытпай орындаудың маңыздылығын атап өтті.

Тәрбиешілер ұсынылған кестенің ыңғайлы екенін атап өтті. Сондай-ақ кейбір вариативтік іс-әрекеттерді түстен кейін орналастыру балалардың қызығушылығын арттыратынын айтты. Дене шынықтыру нұсқаушысы мен музыка жетекшісі арналған уақыттардың кестеде дұрыс қойылғанын, бір-бірімен сәйкес келетінін, сондықтан ешқандай қиындық туындамайтынын атап өтті.

4-ТЫҢДАЛДЫ:

Әкімшілік мүшелері топтардың жаңа оқу жылына дайындығы бойынша салыстырмалы тексеру қорытындысын баяндады.

Баяндамаларында әр топтың материалдық-техникалық жабдықталуы, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілу деңгейі, көрнекіліктердің толықтығы талданды. Сондай-ақ жиһаздар, ойыншықтар, спорттық жабдықтар, кітап бұрыштары мен дамыту орталықтарының жағдайы тексерілгені айтылды.

Өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі қарастырылды. Кейбір топтарда оқу құралдары жаңартылғаны, ал жекелеген топтарда әлі де жетіспейтін жабдықтардың бар екендігі анықталды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдайға арналған жоспардың жаңартылғаны жеткізілді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

- **Меңгеруші** оқу жылының басталуына дейін барлық анықталған кемшіліктерді жоюдың маңыздылығын атап өтті.
- **Әдіскер** дидактикалық материалдарды толықтыру, оқу бағдарламасына сәйкес көрнекіліктерді жаңарту қажеттігін ұсынды.
- **Тәрбиешілер** кейбір қажетті құрал-жабдықтардың уақытылы жеткізілмегенін айтып, оларды жедел алу мәселесін көтерді.
- **Медбике** санитарлық талаптарды қатаң сақтау, ойыншықтарды жүйелі түрде зарарсыздандыру, балалардың денсаулығын қорғауға ерекше назар аудару керектігін айтты.

5-ТЫҢДАЛДЫ:

1. **Балабақша әдіскері** 2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы **әдістемелік нұсқау хатпен** таныстырды. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы таныстыру жұмыстарын жүргізді.

Әдіскер өз сөзінде әдістемелік нұсқау хаттың негізгі ерекшеліктерін атап өтті:

Жан-жақты – қауіпсіздік, ұлттық құндылықтар, тіл үйрету, экологиялық мәдениет, ата-анамен жұмыс, ойын арқылы дамыту сияқты бағыттарды қамтиды.
Практикалық қолдау береді – педагогтерге оқу-тәрбие процесін жоспарлауға арналған нақты әдістемелік ұсынымдар ұсынады.
Жаңашылдықтар – «Тілге бойлау», «Жасыл балабақша», «Беске дейін үлгер» сияқты жаңа жобалары таныстырылды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиешілер мен педагогтер әдістемелік нұсқау хат мазмұнын оқу-тәрбие жұмысында басшылыққа алу керектігін, құжаттағы ұсыныстар тәжірибеде тиімді болатынын меңгеруші атап өтті.
Музыка жетекшісі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған ұсыныстардың артуын оң бағалап, мерекелік ертеңгіліктер мен іс шараларды түрлендіру қажеттігін айтты.
Психолог хатта көрсетілген әлеуметтік-эмоциялық даму бағыттарын тәжірибеге енгізу балалардың мінез-құлқына оң әсер ететінін жеткізді.
Дене шынықтыру нұсқаушысы салауатты өмір салтын қалыптастыру мен қозғалыс белсенділігін арттыру шараларының нақты көрсетілгенін оң бағалады.
Педагогтар жаңа оқу жылында нұсқау хаттағы талаптар мен әдістемелік ұсыныстарды басшылыққа ала отырып, оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бірауыздан келісті.

Қаулы етті:

1. «МЛНБАЛАҚАЙ» бақшасының 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары бекітілсін.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі мен күн тәртібі бекітілсін.
3. Топтардың жабдықталуы мен жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат педагогикалық ұжымға таныстырылды, жұмыста басшылыққа алу міндеттеледі.

Төрайымы: _____ Э.Тыштыбаева
Хатшы: _____М.Жанбаева

ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Күні: 10.10.2025

Қатысқандар: Педагогтар

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы бойынша есеп беру.

2. Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру.

3. Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингі.

4. Таңғы жаттығуларды бақылау нәтижесі (ортаңғы, ересек, мектепалды топтары).

1-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Әдіскер М.Жанбаева өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы баяндама жасады. Ол қабылданған шешімдердің орындалу деңгейіне тоқталып, жоспарланған жұмыстардың көпшілігі уақытылы және сапалы орындалғанын атап өтті. Сонымен қатар, кейбір бағыттарда бақылауды күшейту қажеттігін айтты.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші Балажданова Жанна сөз алып, топтарда жүргізілген жұмыстардың нәтижелі болғанын, бірақ кейбір ұйымдастыру мәселелерінде қиындықтар кездескенін жеткізді.

Тәрбиеші алдағы уақытта жоспарлы жұмыстарды нақты мерзіммен орындау керектігін атап өтті.

Шешім:

Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

Кемшіліктерді жою бойынша жұмыстар жалғастырылсын. Бақылау күшейтілсін.

2-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Тәрбиеші Т.Тауиракынова «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасады. Ол балаларға құқықтық білім берудің маңыздылығын атап өтіп, ойын, әңгіме, көрнекілік әдістерін қолдану тиімді екенін айтты.

Сөйлегендер:

Әдіскер М.Жанбаева балаларға құқықтық тәрбие беруде ата-анамен байланысты күшейту қажеттігін айтты.

Тәрбиеші Ж.Бейсенбиева құқықтық бұрыштар ұйымдастыру, көрнекі материалдарды көбейту керектігін ұсынды.

Шешім:

Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

Ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылсын.

Көрнекілік құралдар толықтырылсын.

3-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Әдіскер М.Жанбаева балалардың тәрбие және білім алу дағдыларының қалыптасуы бойынша мониторинг нәтижелерін таныстырды. Ол әр топтың даму деңгейіне талдау жасап, жоғары, орта және төмен көрсеткіштерді атап өтті.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші А.Жапсарбаева кейбір балалармен жеке жұмыс жүргізу қажеттігін айтты.

Тәрбиеші ойын арқылы оқыту әдістерін күшейту ұсынысын білдірді.

Шешім:

Мониторинг нәтижелері назарға алынсын.

Әр топта түзету жұмыстары жүргізілсін.

Балалардың даму деңгейін арттыру жұмыстары күшейтілсін.

4-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Тәрбиеші А.Жапсарбаева таңғы жаттығуларды бақылау нәтижелерімен таныстырды. Ол жаттығулардың жүйелі өткізілетінін, бірақ кейбір топтарда балалардың белсенділігі төмен екенін атап өтті.

Сөйлегендер:

Әдіскер М.Жанбаева жаттығуларды қызықты әрі ойын түрінде ұйымдастыруды ұсынды.

Тәрбиеші Ж.Бейсенбиева музыкалық сүйемелдеуді тиімді пайдалану қажеттігін айтты.

Шешім:

Таңғы жаттығулардың сапасы арттырылсын.

Әдістемелік ұсыныстар негізінде жұмыстар жетілдірілсін.

Барлық топтарда тұрақты өткізілуі қамтамасыз етілсін.

Төраға: _____Э.Тыштыбаева

Хатшы: _____М.Жанбаева

ЖШС «МЛН балақай» балабақшасы

№3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

«22» 12. 2025 жыл

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен пед. кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.
2. Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс әрекет бақылау парағы нәтижесінің қорытындысы.
3. «Жасыл балабақша» экологиялық жоба өткізу
4. Балалардың дене шынықтыруда ұлттық ойындарды игеру деңгейі ересек топ.

1-ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер М.Жанбаева өткен педагогикалық кеңесте қаралған мәселелердің орындалуы туралы есеп берді.
Есепте құқықтық сауаттылық бағыты бойынша топтарда құқық бұрышының жаңартылғаны, балалармен қауіпсіздік және құқық тақырыптарында қысқа әңгімелер мен ойындардың өткізілгені айтылды.
Балалардың тәрбие-білім дағдыларына жүргізілген мониторинг нәтижесінде көпшілік көрсеткіштің жас ерекшелік нормасына сәйкес екені, ал жеке қолдауды қажет ететін балалармен түзету жұмыстары жалғасып жатқандығы баяндалды.
Таңғы жаттығуларды бақылау барысында тәрбиешілердің жаттығуларды дұрыс көрсететіні анықталып, бірқатар топтарға музыкалық сүйемелдеу енгізу ұсынылғаны атап өтілді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Меңгеруші ұйымдастырылған іс-әрекет сапасының артқанын, топтар бойынша тақырыптық жоспарлардың жүйелі жүргізіліп жатқанын айтты.

2-ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер М.Жанбаева педагогтердің кәсіби дамуына арналған жаңа тәсілдер, экологиялық бағыттағы жобалар, ерте жастағы балалардың тіл дамыту әдістері, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану тәжірибелері көрсетіліп атап өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Педагогтер өз пікірлерімен бөлісті.

3-ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер М.Жанбаева бірінші жарты жылдықта топтарда жүргізілген ұйымдастырылған іс-әрекет бақылау парақтарының қорытындыларын ұсынды. Бақылауда тәрбиешілердің тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыруы, әдіс-тәсілдерді қолдануы, балалардың белсенділігі мен қызығушылығы, дамытушы орта сапасы талданғаны айтылды. Көпшілік топтарда ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүйелі жүргізілетіні, алайда жекелеген бағыттар бойынша әдістемелік қолдау қажеттігі көрсетілді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Меңгеруші бақылау нәтижелері педагогтардың кәсіби өсуіне және оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға бағытталғанын атап өтіп, анықталған ұсыныстарды жұмыс барысында ескеруді тапсырды.

Психолог балалардың эмоционалдық дағдыларын дамыту бағытын күшейтуді ұсынды.

Тәрбиешілер көрсетілген әдістемелік қолдау үшін ризашылық білдіріп, өз топтарының нәтижелерін талдай отырып, алдағы кезеңде дамыту бағытындағы жұмыстарды жалғастыратынын айтты.

4-ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер М.Жанбаева «Жасыл балабақша» экологиялық жобасын өткізу жоспарына тоқталды. Жоба шеңберінде топтарда жасыл бұрыш ұйымдастыру, қоқысты сұрыптау, терезе алды бақша, табиғатты қорғау тақырыбында іс-шаралар өткізу, ата-аналармен бірлескен экологиялық жұмыстар жоспарланғаны айтылды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиешілер «Жасыл балабақша» жобасының балаларға табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруда үлкен рөл атқаратынын айтып, экологиялық әдеттерді күнделікті режимдік сәттерге енгізу қажеттігін атап өтті.

Тәрбиеші табиғатты танып-білуге бағытталған экосеруен, қозғалмалы ойындар мен дала жаттығуларын біріктіре өткізу балалардың денсаулығы мен экологиялық танымына оң әсер ететінін жеткізді.

5-ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиеші:Ж.Баладжанова ересек топтағы балалардың дене тәрбиесі ұйә ұлттық ойындарды игеру деңгейі туралы баяндама жасады. Балалардың «Арқан тарту», «Ақсерек–көксерек», «Теңге ілу», «Қыз қуу» элементтері сияқты ойындарды шынайы қызығушылықпен орындайтыны, қимыл-қозғалыс дағдыларының дамығаны атап өтілді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Меңгеруші ұлттық ойындардың балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың ұлттық құндылықтарды танып-білуіне зор ықпал ететінін атап өтіп, бұл бағыттағы жұмысты күшейтіп, ойындарды жүйелі түрде өткізуге міндеттеді.

Тәрбиешілер ұлттық ойындарды күн тәртібіндегі сергіту сәттерімен, серуен кезіндегі қимылды және дидактикалық ойындармен кіріктіре өткізу балалардың қызығушылығын арттыратынын айтты.

Әдіскер балалардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктелген ұлттық ойын түрлерін әдістемелік жинаққа енгізіп, педагогтарға арналған нұсқаулық ретінде ұсынуды жоспарлағанын жеткізді.

Қаулы етті:

1. Өткен педагогикалық кеңесте қаралған мәселелердің орындалуына жасалған есеп қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс-әрекет бақылау парағының қорытындысы негізге алынып, әдістемелік қолдауды қажет ететін бағыттар бойынша жеке жұмыс жоспары әзірленсін.
3. «Жасыл балабақша» экологиялық жобасы бекітілсін.

4. Ересек топтағы балалардың ұлттық ойындарды игеру деңгейі бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесі оң деп танылсын.

Төрайымы: _____ Э.Тыштыбаева
Хатшы: _____ М.Жанбаева

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 20.02.2026.
Өткізілген орны: «МЛН Балақай» балабақшасы
Қатысқандар саны: 7
Қатыспағандар: 1

Төрайымы: Э. Тыштыбаева
Хатшысы: М.Жанбаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына есеп беру.
2. Серуенді іске асыру және ұйымдастыру бойынша бақылау парақтарының нәтижесі (ересек, мектепалды топтары).
3. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарын ұйымдастыру нәтижесі (ересек топ).
4. Наурыз айындағы мерекелік іс-шаралар жоспарларын бекіту.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер М.Жанбаева өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша есеп берді. Есеп барысында тәрбиешілердің оқу-тәрбие үдерісін мемлекеттік стандарт талаптарына сай ұйымдастырып отырғаны айтылды. Топтарда дамытушы орта талапқа сай жабдықталып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу қызметтері жүйелі жүргізілгені атап өтілді.

Сонымен қатар педагогтердің балалармен жеке жұмыс жүргізу деңгейі, ата-аналармен байланыс жұмыстары, мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру сапасы талқыланды. Кейбір педагогтер тарапынан құжаттарды рәсімдеуде кемшіліктер кездескені айтылып, оларды уақытылы толықтыру қажеттігі ескертілді.

Балалардың тіл дамыту, шығармашылық және танымдық қабілеттерін жетілдіру бағытындағы жұмыстарға оң баға берілді. Сонымен қатар педагогтердің жаңа технологияларды қолдану деңгейі талданып, тәжірибе алмасу жұмыстарын жандандыру ұсынылды.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер М.Жанбаева ересек және мектепалды топтарында серуенді ұйымдастыру бойынша жүргізілген бақылау нәтижелерімен таныстырды.

Бақылау барысында төмендегі жұмыстарға назар аударылғаны айтылды:

- серуеннің уақытылы ұйымдастырылуы;
- балалардың қауіпсіздік ережелерін сақтауы;
- қимылды ойындардың ұйымдастырылуы;

- табиғатты бақылау жұмыстары;
- еңбек әрекеттерінің жүргізілуі;
- балалардың еркін ойын әрекеті;
- серуен кезінде балалардың танымдық белсенділігін арттыру.

Нәтижесінде көптеген топтарда серуеннің мазмұнды әрі қызықты ұйымдастырылатыны айтылды. Тәрбиешілер балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған қимылды ойындарды тиімді пайдаланған. Табиғатты бақылау барысында жыл мезгілінің ерекшеліктерін таныстыру, ауа райын бақылау, құстар мен өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту жұмыстары жүргізілген.

Сонымен қатар кейбір топтарда еңбек әрекеттері мен зерттеу жұмыстары жеткіліксіз ұйымдастырылғаны анықталды. Балалардың өз бетінше ойын ұйымдастыруына көбірек мүмкіндік беру және серуен құрылымын талапқа сай жоспарлау қажеттігі айтылды.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Ересек топ тәрбиешілері Т.Тауиракынова, Ж.Баладжанова «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарының қорытындысы бойынша баяндама жасады.

Жұмыс барысында ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, түрлі тәрбиелік және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылғаны айтылды. «Әжелер мектебі» аясында ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау, қолөнер түрлерін үйрету, ұлттық тағамдар дайындау бойынша кездесулер өткізілген.

«Аналар мектебі» жұмысында балалар тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар, отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті жөнінде дөңгелек үстелдер мен тренингтер ұйымдастырылған.

«Әкелер мектебі» аясында спорттық жарыстар, әкелер мен балалар арасындағы сайыстар, патриоттық тәрбиеге бағытталған кездесулер өткізілген. Әкелердің балабақша өміріне белсенді араласуы балаларға жағымды әсер еткені айтылды.

Аталған жұмыстар нәтижесінде ата-аналардың балабақшамен байланысы нығайып, тәрбиелік жұмыстардың тиімділігі артқаны атап өтілді.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер М.Жанбаева Наурыз айына арналған мерекелік іс-шаралар жоспарымен таныстырды.

Жоспарға сәйкес:

- «Армысың, Әз Наурыз!» мерекелік ертеңгіліктері;
- ұлттық ойындар сайысы;
- қолөнер және ұлттық бұйымдар көрмесі;
- ата-аналармен бірлескен іс-шаралар;
- ұлттық тағамдар фестивалі;

- спорттық жарыстар;
- балалар шығармашылығына арналған көрмелер ұйымдастырылатыны айтылды.

Іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу үшін барлық педагогтерге дайындық жұмыстарын уақытылы жүргізу тапсырылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тәрбиешілерге:

- құжаттарды уақытылы әрі талапқа сай жүргізу;
- балалармен жеке жұмыстарды күшейту;
- жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану тапсырылсын.

3. Серуенді ұйымдастыру барысында:

- балалардың зерттеу және еңбек әрекеттерін көбейту;
- қимылды ойындардың мазмұнын байыту;
- қауіпсіздік ережелерін тұрақты бақылауда ұстау міндеттелсін.

4. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылып, ата-аналардың белсенділігін арттыру бағытында жұмыстар жүргізілсін.
5. Наурыз айындағы мерекелік іс-шаралар жоспары бекітілсін.
6. Барлық топтарда мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру барысында балалар қауіпсіздігі қатаң сақталсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: _____Ә.Тыштыбаева

Хатшы: _____М.Жанбаева

№5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні:28.05.2026
Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылының қорытындысы және жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру»
Төрайымы: Тыштыбаева Э
Хатшысы: М.Жанбаева

Қатысқандар:Балабақша меңгерушісі, әдіскер, медбике, тәрбиешілер.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау деңгейі.
3. Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі.
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.
5. Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі. Жеке даму карталарын базаға жүктеу.
6. «Баланың мектепке дайындығы» тренинг қорытындысы.

ТЫҢДАЛДЫ
1-МӘСЕЛЕ
2025–2026 оқу жылының қорытындысы
Балабақша меңгерушісі Э Тыштыбаева сөз алып, 2025–2026 оқу жылы барысында атқарылған жұмыстарға жан-жақты тоқталды. Оқу жылы бойында білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт негізінде жүргізілгенін атап өтті. Жылдық жоспарға сәйкес барлық іс-шаралар уақытылы орындалғаны айтылды.
Педагогтар оқу қызметтерінде заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдаланып, балалардың танымдық белсенділігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізгені баяндалды. Сонымен қатар, тәрбиешілердің түрлі қалалық, аудандық семинарларға, байқауларға қатысып, кәсіби шеберліктерін арттырғаны айтылды.
Балалардың оқу жылы соңындағы білім, білік және дағдыларына жүргізілген мониторинг нәтижесінде оң көрсеткіштер байқалғаны хабарланды. Ата-аналармен байланыс жұмыстары да жоспарлы түрде ұйымдастырылған.
СӨЙЛЕГЕНДЕР:
Әдіскер Д.Абдимусаева оқу жылы ішінде жүргізілген әдістемелік жұмыстардың сапасына тоқталып, педагогтардың белсенділігін атап өтті.
ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жаңа оқу жылында инновациялық технологияларды қолдану жалғастырылсын.
3. Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

2-МӘСЕЛЕ
Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау деңгейі
Әдіскер балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Топтарда шығармашылық орталықтардың талапқа сай ұйымдастырылғаны, балалардың сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, театрландырылған ойындарға белсенді қатысқаны айтылды.
Музыкалық іс-шаралар, ертеңгіліктер, көрмелер мен байқаулар арқылы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға ерекше назар аударылған. Балалардың

шығармашылық жұмыстарынан көрме ұйымдастырылып, ата-аналар тарапынан оң пікірлер алынғаны айтылды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші Жанбаева балалардың сахна мәдениеті мен өнерге қызығушылығы артқанын айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Топтардағы шығармашылық бұрыштар толықтырылсын.
3. Эстетикалық тәрбиеге бағытталған іс-шаралар көбейтілсін.

3-МӘСЕЛЕ

Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі

Тәрбиешілер қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша есеп берді. Балалардың білім деңгейлері жас ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасқаны анықталды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында балалар белсенділік танытып, қойылған сұрақтарға толық жауап бергені айтылды.

Педагогтар оқу қызметтерінде көрнекілік, ойын технологиясы, тәжірибелік әдістерді тиімді пайдаланған. Балалардың тілдік, танымдық, әлеуметтік және шығармашылық дамуында жақсы нәтижелер байқалғаны туралы әдіскер атап өтті.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші Т.Тауиракынова ұйымдастырылған іс әрекетте балалардың қызығушылығы жоғары болғанын атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі жақсы деп бағалансын.
2. Педагогтарға жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану жалғастырылсын.
3. Балалардың жеке ерекшеліктеріне қарай жұмыстар жүргізілсін.

4-МӘСЕЛЕ

Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту

Медбике жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілетін жұмыстар жоспарын таныстырды.

Жоспарда балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру шаралары, таза ауадағы ойындар, күн және су процедуралары қамтылғаны айтылды.

Сонымен қатар, жаз мезгілінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, санитарлық талаптарды орындау, балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері түсіндірілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші Баладжанова жазғы спорттық ойындардың маңыздылығына тоқталды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітілсін.
2. Балалардың қауіпсіздігі тұрақты бақылауда болсын.
3. Таза ауадағы іс-шаралар жүйелі ұйымдастырылсын.

5-МӘСЕЛЕ

Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі. Жеке даму карталарын базаға жүктеу

Әдіскер Абдимусаева мониторинг қорытындысын таныстырды. Мониторинг барысында балалардың танымдық, тілдік, физикалық, әлеуметтік және шығармашылық даму деңгейлері сараланғаны айтылды.

Барлық топтарда жеке даму карталары уақытылы толтырылған. Алайда кейбір педагогтарға құжаттарды базаға жүктеу жұмыстарын уақытында аяқтау ескертілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші мониторинг жүргізу барысында балалардың дамуында оң динамика байқалғанын айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Мониторинг нәтижелері назарға алынсын.
2. Жеке даму карталары толық базаға жүктелсін.
3. Құжаттарды уақытылы рәсімдеу бақылауға алынсын.

6-МӘСЕЛЕ

«Баланың мектепке дайындығы» тренинг қорытындысы

Тәрбиеші Жанбаева өткізілген тренингтің қорытындысымен таныстырды. Тренинг барысында ата-аналарға баланың мектепке психологиялық, әлеуметтік және танымдық дайындығы туралы кеңестер берілген.

Балалардың зейіні, есте сақтау қабілеті, қарым-қатынас мәдениеті, өз-өзіне қызмет ету дағдылары сараланғаны айтылды. Ата-аналар тренингке белсенді қатысып, өз пікірлерін білдірген.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиешілер ата-аналардың қызығушылығы жоғары болғанын айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Тренинг қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мектепке дайындық бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
3. Ата-аналармен ынтымақтастық күшейтілсін.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары жалғастырылсын.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасын арттыру міндеттелсін.
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітілсін.
5. Мониторинг нәтижелері бойынша жеке даму карталары базаға толық жүктелсін.
6. Мектепке дайындық бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.

Төрайымы: Э.Тыштыбаева
Хатшысы: М.Жанбаева